

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2022-2023 оқу жылының педагог-психолог жұмысының жылдық талдау есебі

Педагог-психолог қызметінің мақсаты: Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Жеке тұлғаны мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес өзін-өзі жетілдіру үшін психология-педагогикалық жағдаймен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптасу.
2. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешуге психологиялық бағыт беру және түзету жұмыстарын жүзеге асыру.
3. Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Оқу жылының басында психологиялық жұмыстарды кедергісіз жүргізу мақсатында кабинетті жабдықтау жұмыстары.

Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыстарды жоспарлау, жылдық жұмыстарды жоспарлау, бекіту.

Барлық жұмыстар 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді.

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу, бақылау мақсатында Керн Йирасик тестілеуді өткізу ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында ПМПК-дан өтуі үшін сұраныс берілді.

Қыркүйек айында 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау «Қарым-қатынас шеберлігі» тренинг өткізілді.

Қазан-қараша айларында «Буллингтің алдын-алу» мақсатында семинар тренинг ұйымдастырылды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен түзету-дамытушылық жұмыс жүргізу.

Жас мамандарға кеңес беру және т.б жұмыстар жүргізу.

Қаңтар айында 7,8,9 сынып «Әр баланың құқығы – мемлекет құндылығы» семинар – тренинг өткізілді.

Ақпан-наурыз айларының аралығында 5-11 сыныптар «Менің сынып жетекшім» оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынас жағдайын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Ақпан айында 9-сынып оқушыларына А.Е.Голомштоктың «Қызығушылық картасы» әдістемесі қолданылып, сауалнама алынды.

Наурыз – сәуір айларының аралығында 9-сынып Е.А.Климовтың қызығушылықтарын бағыттау және Дж.Холландтың «Кәсіби таңдау» сауалнамасы алынды.

Жыл ішінде 1 – 11 сынып оқушыларына сұраныс бойынша жұмыстар жүргізілді.

1-11 сынып диагностикалық жұмыстардың интерпритациясын жасалынып, кеңес беру, түзету, ағартушылық жұмыстар жүргізілді.

Жыл ішінде 1 – 11 сынып оқушыларының психологиялық жағдайын «бақылау» әдісі арқылы анықтау жұмыстары жүргізіліп, кеңес беру ұйымдастырылды.

5-11 сыныптар мектеп медбикесі, ТЖҰ, бала құқығын қорғау инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Қазан-қараша 5,6,7,8,9 сыныптар «Буллингке қарсымыз» атты семинар тренинг өткізілді.

7 сынып оқушыларына «Жасөспірім шақтағы кризистер» атты баяндама оқылып, ұсынымдар айтылды.

Қазан айында 5-11 сынып оқушыларына жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу мақсатында сенім телефондары туралы ақпарат берілді.

Қараша-желтоқсан айларының аралығында 5,6,7 сынып білім алушылар арасындағы зорлық -зомбылықтың алдын алу бойынша семинар тренинг өткізілді.

Ата-аналарға жеке психологиялық кеңес беру және ата–аналар жиналысына қатысу (бала тәрбиесі бойынша жеке сұрақтар сұраныс бойынша) жұмыстары жүргізілді.

Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау және оларға кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
5-11 сынып қыздары қазан-желтоқсан айларының аралығында “Қызға қырық үйден тыйым” атты мини лекция өткізілді.
Мектеп ұстаздарына сұраныстар бойынша жеке жұмыстар жүргізу.

Басқа мектептердің педагог–психологтарымен, психологиялық орталықтарымен, білім беру әдістемелік және тәрбие бөлімдерімен өзара әрекеттесу.

8-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясындағы жұмыстар жүргізілді.

Желтоқсан-қаңтар айларының аралығында 11 сынып оқушыларына «ҰБТ-ға қалай дайындаламыз» қатысушыларға арналған тренинг жаттығулар жүргізілді.

Жартыжылдықта ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен психологиялық, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында жартыжылдық соңында үйіне барып диагностикалық, түзету, психологиялық жағдайын бақылау жұмыстарын жүргізу.

Оқушылар мен мұғалімдерге сұраныс бойынша жеке психологиялық жұмыстар жүргізілді.

1-11 сынып ұстаздар, ата – аналар, оқушыларға сұраныс бойынша жүргізілген жеке психологиялық жұмыстарды журналға тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыстар, методикалық кеңес, семинар, педагогикалық консилиум отырыстары, мектепішілік ата – аналар жиналысына қатысу.

Қаңтар айында 11-сынып «Жетістікке жету өз қолыңда» атты мини-лекция өткізілді.

Наурыз айында 11-сынып мини-лекция «ҰБТ барысында өзіңді қалай ұстау керек?» өткізілді.

Сәуір-мамыр айларында мұғалімдер мен ата – аналарға оқушыларды ҰБТ – ға психологиялық дайындау тәсілі туралы кеңес (видео, слайд) беру жүргізілді.

Сәуір айында 11 сынып оқушыларына «Стрессті қалай жеңуге болады?» атты тренинг өткізілді.

Наурыз-сәуір айларының аралығында 5 – 11 сынып қыздары ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар арасында мектеп медбикесімен «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты баяндама оқып, түсіндірмелік жұмыстар жүргізу 5 – 11 сынып қыздары ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектептің оқушы қыздарына сұраныс бойынша психологиялық кеңес беру жұмыстары өткізілді.

7-8 сынып «Өмірдің мәні неде?» сауалнама алынды.

Мектеп оқушылары мен ұстаздарға сұраныс бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру журналына тіркелді.

Мектеп психологы: Женисбекова Мадина Сериковна